



# Ақмешіт

20 ақпан  
сенбі

№14 (1716)

2021 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



The New York Times

ВАКЦИНА ҚАШАН  
ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ?

Американың штаттарында жаппай вакцинациялау басталғанымен, вакцина жетіспеушілігі байқалады. Үкімет екіне уақытылы алып келуді және вирус жұқтыру қаупі жоғары контингентті мейлінше тез вакцинациялауды ұйымдастыруда. Жақында жаңа президент Джо Байден шілде айының соңында барлық американдыққа вакцина қолжетімді болатынын хабарлады. Бұл туралы «The New York Times» газетінің тілшісі Шерил Гай Столберг «Бүгінгі Covid-19: Байден тамызға дейін барлық американдыққа вакцина ұсынылады деп болжады» атты материал дайындады.



Газет тілшісі президент Джо Байден тамызда барлығына вакцина жеткізілетінін хабарлады және бұл жолы сенімдірек айтты деп жазады. Өткен аптада Байден логистика мен вакцинаны үйлестіруге байланысты туындаған проблемалардың кесірін жазға дейін халықты түгелдей вакцинациялауға күмәнді болған еді.

«CNN» арнасы арнайы кездесу ұйымдастырып, Президентті спикер ретінде шақырған. Сол кездесу барысында жүргізуші Андерсон Купердің «Вакцина салдырғысы келетін кез келген американдық қашан салдыра алады?» деген сауалына Байден еш ойланбастан «Шілденің соңында. Осы жылғы шілденің соңында» деп нақты әрі қысқа жауап қайырған.

Сонымен қатар жайбаракат өмірге оралғысы келетін американдықтарды президент сабырға шақырды. Тілші Гай Столберг президент көп уақыт бергісі келмесе де «Келесі Рождествоны, менің ойымша, біз мүлде басқа жағдайда, жақсы жағдайда өткіземіз» деп қалды бір сөзінде деп жазады. Сондай-ақ мақала авторы президенттің сөздерін ой елегінен өткізіп, келесі қыркүйекке таман білім беру үрдісінде жағымды жаңалық болады деп болжайды. Вирусты бақылау және алдын алу орталығы жақында мектептерді ашу үшін сақталуы керек шараларды жариялаған болатын. Демек американдық балалардың мектепке барып оқитын күндері алыс емес.

Өткен аптада президент әкімшілігі барлық елде жастағы тұрғындарды вакциналауға жететін 200 млн доза жеткізілетінін хабарлаған еді. Бұл дозалар вакцина көлемін 50 процентке көбейтіп, жазға дейін 300 млн адамға екі есе мүмкіндігін арттырады.

Одан бөлек мақалада Байденнің сөзінде Johnson & Johnson жасап шығарған вакцинаның тиімділігі туралы айтқаны да жазылған. Аталған вакцина әлі азық-түлік пен дәрі-дәрмек сапасын бақылау басқармасының рұқсатын алмаған. Тілші бұл вакцина «Pfizer BioNTech» пен «Moderna»-ға қарағанда коронавирустың кейбір жұқпалы түріне тиімсіз деп санайды. Алайда президент «мүмкіндік болса, аталған вакцина пайдаланған дұрыс» деген. «Джо Байден халықты әзірге қолжетімді вакцинаның кез келген түрін пайдалану арқылы сақтанғанын қалайды» деп қорытынды жасайды тілші.



5 АДАМ ӨЛІМ  
ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ

Авиджит Рой Бангладеште сөз бостандығын қолдаған, үкіметтік цензура мен атеист блогерлердің темір торға қамалуына қарсы халықаралық шерулер ұйымдастырушы болды. Алайда 2015 жылғы 26 ақпанда оны белгісіз біреулер соққының астына алып, мәчметен өлтірген болатын. Бүгінде оның өліміне себепші болған алты адамға сот үкімі шығып, 5-уі өлім жазасына кесілсе, бір адам өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Бұл туралы «BBC» арнасы «Бангладештегі Авиджит Рой өлімі: блогерге мәчметен шабуыл жасап, өлтірген бес адамға өлім жазасы тағайындалды» атауымен бағдарлама дайындады.



Арна Бангладеш соты бес адамға өлім жазасын тағайындап және бір адамды өмір бойы бас бостандығынан айырғанын хабарлады. Олар алты жыл бұрын белгілі блогерді соққыға жығып, өлімге дейін жеткізген.

АҚШ-та тұрақтаған Бангладештің тұрғыны А.Рой ел астанасы Даккада өткен кітап жармеңесіне арнайы келген. Сол шарадан соң оны алты адам мәчметен өлтірген. Бұл шабуылға ислам дінінің жат ағымында жүрген өкілдерінің қатысуы бар деп тұжырым жасалған еді. Оқиға орын алған кезде блогердің жұбайы Рафида Ахмед те болған. Бірақ ол ауыр жаракатына қарамастан аман қалған.

Шабуыл елде тыйым салынған «Ансар аль-Ислам» атты топтың ұйымдастыруымен жасалған. Бағдарлама авторлары бұл топтың «Аль-Каидаға» қатысуы болуы мүмкін деп болжайды.

Оқиғаның қатысушы екі адам сырттай қатысты. Оның бірі қылмысты ұйымдастырушы болып саналатын бұрынғы әскери майор Сайед Зиаул Хак. Сот ұйымдастырушы Зиаул Хак пен қылмыс жасаған Абу Сиддик Сохель, Мозаммель Хоссейн, Арафат Рахман және Акрам Хосейнді дарға асу үкімін шығарды. Бірақ Сайед Зиаул Хак пен Акрам Хоссейн әлі қашып жүргендіктен сотқа сырттай қатысқан.

Шафиур Рахман Фариди 2015 жылдың наурызында ұсталып, бүгінде өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ полиция 2016 жылғы маусымда ел астанасы аумағында болған қаттығы кезінде Ройдың өліміне қатысушы бар «Шариф» деп аталатын басты күдіктінің көзі жойылғанын хабарлады.

«Оларға тағылған айыптың барлығы дәлелденгеніне ешкімнің шүбә келтірмеісі анық. Сот оларға ең ауыр деген жазаны қолданды», – деді прокурор Голам Сарвар Хан. Алайда жақтаушы жақ пен адвокаттар қарсылық білдірген және апелляцияға өтініш бермек.

Сондай-ақ Ройдың әйелі өзінің «Facebook» парақшасында сот пен тергеушілердің қызметін сығана алды. Мен оқиғаның куәгері болсам да, алты жыл ішінде бірде-бір тергеуші жауап алмады. Бірнеше адамды жай іздей салу мен экстремизмді толықтай зерттеу Авидиң өліміне қатысты үкім әділ болды дегуе келмейді», – деп жазды блогердің әйелі.

Полиция «Ансар аль-Ислам» тобының ондаған тәуелсіз блогер мен белсендінің өліміне қатысуы бар деп санайды. Мұндай қылмыстық істер 2013-2016 жылдар аралығында көптеп орын алған. Ал бұл істердің артында «Аль-Каида» мен «Ислам мемлекеті» атты экстремистік топтар тұр деп тұжырымдайды арна тілшілері.

4 БЕТТЕ

ОБЛЫС ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

## ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Сәрсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдегі жыл бойы атқарылған істерді саралап, халық алдында есеп берді. Кездесу онлайн форматта ұйымдастырылып, тұрғындар көкейкесті сұрақтарын әлеуметтік желі арқылы жолдады.

Быттыр ел экономикасына кері әсер еткен факторлар аз болған жоқ. Пандемия әсерінен аймақта мұнай мен уран өндірісінің азаюы маңызды саладағы кей көрсеткішті төмендетті. Өңір экономикасының өзекті мәселесі кен орындарының сарқылуы екенін атап өткен облыс әкімі мұнайдың 17,3 процентке, (биыл 10,5 процентке қысқарады деп болжануда) уранның 20 процентке азайғанын жеткізді. Алдағы уақытта бұл мәселені шешудің жолдары қарастырылып, бірқатар шара қабылданбақ. Ал жалпы алғанда Үкіметпен жасалған меморандум аясында өңірге тартылуы тиіс 230 миллиард теңге инвестиция көлемі 292 миллиард теңгені құрап, 27 процентке артығымен орындалыпты. Бұл бағытта жұмыстар әрі қарай да жалғасын таппақ.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## ҚАРБАЛАС ТІРШІЛІКТЕ НӘТИЖЕ БАР

### СУ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

Шаһар әкімі Н.Нәлібаев қаладағы бірқатар нысандарды аралап, жұмыс барысын бағамдады.

Ең алдымен күрделі жөндеуден өткен, су жүйесі мекемесінің жұмысын көрген қала әкімі жанарған мекеменің жаңалықтарына оң баға берді.

Мекеме ғимараты 1964 жылы бой көтерген. Содан бері жөндеу көрмеген нысанның тозығы жетіп, қызметкерлердің жұмыс істеуіне қиындық туғызған. Қаланы ауыз сумен қамтамасыз ететін мекеменің жанаруына «Жұмыспен қамту» жол картасы бағдарламасының септігі тиді. Бағдарлама аясында бөлінген қаржыға су жүйесінің өндірістік-техникалық базасы жаңғыртылып, ғимараты жөндеген. Мекеме ауласы асфальтталып, шөп және гаражы қалыпқа келтірілді. Сонымен бірге мекеменің тағы бір жаңалығы тұрғындардың ауыз су мәселесіне қатысты сауалдарын қабылдауға арналған диспетчерлік бөлім құрылған. Мұның артықшылығы су жүйесінің мамандары бұрынғыдай үй-үйді аралап, тұрғындар қарызын жинаумен айналыспайды. Суға қарызыңыз болса қонырау шалып не болмаса хабарлама жазу арқылы ескертеді. Ал тұрғындар қарызы туралы мәліметті арнайы нөмірге хабарласып біле алады.

– Ғимараттарыңыз жаңарды. Ендігі ретте тұрғындарға үздіксіз қызмет көрсетіп, сапалы ауыз сумен қамту керек, – деді қала әкімі. Сонымен бірге қызметкерлердің айлығын уақытылы төлеп, үздік жұмысшыларға сыйақы беруді де үйлестіру керектігін атап өтті.

– Қызметкерлердің айлығы бұрын 6-7 айға дейін кешігетін. Қазір жалақыны уақытылы беру бір жүйеге келіп қалды. Жағымды жаңалықтың бірі ауыз су тарифі төмендеп, 61 теңгеден 44 теңгеге арзандады, – деді мекеме басшысы Марат Жәмиев.

2 БЕТТЕ



Мекеме ғимараты 1964 жылы бой көтерген. Содан бері жөндеу көрмеген нысанның тозығы жетіп, қызметкерлердің жұмыс істеуіне қиындық туғызған. Қаланы ауыз сумен қамтамасыз ететін мекеменің жанаруына «Жұмыспен қамту» жол картасы бағдарламасының септігі тиді. Бағдарлама аясында бөлінген қаржыға су жүйесінің өндірістік-техникалық базасы жаңғыртылып, ғимараты жөндеген.

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ



## «БОЛАШАҚТЫҢ» КҮЛШЫНАЙЫ, ҚИЯРЫ

Сұлу Сырдың бойында орналасқан әсем қала Қызылорда күн санап құлпырып келеді. Бүгінде қарқынды құрылыс алаңына айналған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қалаға жұрт қызыға қарайды. Сырттан келген мейман шаһардың сырт келбетіне, ондағы тынымсыз құрылысқа, әдемі ғимараттарға көз салары анық. Алыс-жақыннан келген ағайынның қала келбетіне оң баға беруді біздің мерейімізді асырып, көңілімізді марқайтып, көкірегімізде мақтанш сесімін ұялатады.

Ал біз айтып отырған сол жағалауда жылыжай бар десек сенер ме едіңіз? Бүгінде қалада жылдың төрт мезгілінде өнім беретін жылыжайдың көбеюінің арқасында ел тұрғындары жергілікті сапалы өнімді тұтынуда.

4 БЕТТЕ

ТАРИХ



## ТАРИХТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЛАРЫ немесе Есімнен кейін Қазақ хандығын кім басқарды?

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Бабаларымыздың жүріп өткен жолына үнілсек болды, тарихтың күрмеуі тарқатыла түседі. Бұл жай күрмеу емес, қатпар-қатпар болып қатталған, ешкім ашпасын деп тастың ішіне тасталған тарих іспетті. Шынтуайтына келгенде, өз тарихымызда өзіміз білмейтін түс көп. Соның бірі – Есім ханның ұлы Жәнібек ханға қатысты деректер.

3 БЕТТЕ

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Биыл республикалық бюджеттен қаржыландыруға 110 жоба әзірленіп, Үкіметке жолданған. Айта кету керек, өткен жылы өңірлерді индустриаландыру бағдарламасымен 1,5 млрд теңгеге 3 жоба мақұлданып, 172 жұмыс орны құрылған. Оның ішінде тауарлы балықты өсіру және терең өңдеу кешенін кеңейту, балықты тереңнен қайта өңдеу және «Арал тұз» АҚ-да испан технологиясымен тұз өндірудің үшінші цехын ашу жоспарлануда. Сондай-ақ шыны зауыты жанынан 8 өндіріс ошағы ашылады деп күтілуде. Бүгінде оның 3-еуінің жобалау кезеңі аяқталған. Аталған жобаларды жүзеге асыру ел экономикасын тұрақтандыру мен жұмыссыздықты жоюдың бірден-бір тетігі болмақ. Мемлекеттік бағдарламалар аясында биыл 20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, соның 15 мыңға жуығы тұрақты еңбек көзіне айналған. Ал облыста жұмыссыздық деңгейі 4,9 процентті құраған.

Есепті кезеңде аймақ басшысы аграрлық саладағы ілімді істерді де айрықша атап өтті. Инвестиция, жаңа технология, техникалық қайта жарақтандыру сынды басты қажеттіліктермен қамтылу нәтижесінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру соңғы 5 жылда біршама артқан.

Басы 1-бетте



Былырғы жетістіктің бірі ретінде экспорт көлемінің ұлғаюын, оның ішінде алғаш рет шетелге қамыстың шығарылуын айтуға болады. Одан бөлек аграрлық өнімнің 11 түрі әлемнің 17 еліне экспортталады. Су тапшылығына қарамастан егістік алқапты әртарапандырудың арқасында күріш жинаудан да диқанар жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Мұндай тәсілдер алдағы егін науқанында да қолданысқа енгізіліп, тіпті, оның басқа тиімді әдістері қарастырылмақ. Ал су тапшылығын болдырмау мақсатында су жинайтын қоймалар салынып, биыл бұрын қолданыста болған «Қарөзек», «Құмсікеткен», «Қызылорда» және «Әйтеке» су қоймасын қайта

іске қосу көзделуде. Сондай-ақ Үкіметтің қолдауымен «Көкарал» бөгетін қалпына келтіру жоспарлануда. Мал, балық шаруашылығын дамыту ісінде де бірқатар жоба жүзеге асады. Бұл өз кезегінде балық, ет, сүт өнімін өндіру ісін жандандырмақ. Әсіресе балық шаруашылығына басымдық беру арқылы балық экспортын ұлғайту жоспарлануда. Аймақтың инфрақұрылымдық дамуының да қарқыны байқалады. Әсіресе өткен жылы барлық аудандар мен қала көлемінде жол жөндеу, ауыз су, қарыз, жылу құбырларын қайта жаңғыртуға басымдық берілді. Нәтижесінде өңірде 492 шақырым автожол мен көше, 2 көпір салынып,

39 көпқабатты үй, 13 әлеуметтік нысан бой көтерген. Сыр халқының ауыз сумен қамтылуы 97 процент, табиғи газға қосылуы 65 процентке жеткен. Оған қоса 16 елді мекеннің су құбыры мен қарыз желісі жаңартылып, 100 мыңнан аса тұрғынды таза ауыз сумен қамтуға мүмкіндік туыпты. Жұырда Теренөзек кентіне табиғи газдың жетуді тұрғындарды қуанышқа бөледі. Алдағы уақытта Жосалы және Жалағаш кентінің халқы да «көгілдір отынның» игілігін көрмек.

Пандемия кері әсер еткен негізгі сала ретінде кәсіпкерлікті айтуға болады. Төтенше жағдай, карантиндік талаптың күшейтілуі бұл саланы нәсіп еткендерге біраз салмақ салды. Дегенмен кәсіпкерлікті қолдау тоқтаған емес. Президент тапсырмасымен кәсіпкерлерге біршама жеңілдіктер қарастырылды. Әсіресе көпбалалы аналардың кәсіп бастауына, тұрақты табыс көзін табуына жол ашылды. Қазіргі таңда кәсіпкерлердің басым көпшілігі бағытын өзгертіп, өндіріс саласына бетбұрыс жасауда.

Қысылтанды кезеңде көпшілік денсаулық пен білімнің қадірін жіті ұғынғаны жасырын емес. Денсаулық саласын дамыту қашанда күн тәртібіндегі мәселе болатын. Десе де індет тұсында кемшіліктер көзге көрінді. Бүгінде соның орнын толтыруға жұмыс жасалуда. Алдағы уақытта аудандар мен шалғай елді мекендерде дәрігерлік амбулатория, аурухана салу ісі жүзеге асады. Бүгінде аудандардағы орталық аурухана салу ісі аяқталғанымен, тозығы жеткен алғашқы медициналық көмек көрсететін нысандар қайта жаңғыртылмақ.

Ал білім беру ісінде оқушыларды қажетті құрал-жабдықпен қамту басты назарға алынды. Осы ретте аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларының да лайықты білім алуы да күн тәртібінен түскен жоқ. Бұл ретте аталған санаттағы отбасынан шыққан дарынды ауыл балаларына арналған гранттар 150-ге артқан. Олардың қашықтан еш кедергісіз білім алуына барынша жағдай жасалған еді. Алдағы кезеңде апатты жағдайдағы мектептерді қайта салу, жаңа білім ошақтарының бой көтеруі әрі қарай да жалғасын таппақ.

Есепті жыны кезінде бұдан өзге мәдениет, спорт саласында атқарылған игі істер де сөз болды. Халықты рухани сусындату, салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыруда спорттық ойын алаңдарының көптеп салынуын, мәдени іс-шаралардың онлайн өткізілуін соның бір дәлелі ретінде айтуға болады. Мұндай жобалар тек облыс орталығында ғана емес, өзге аудандарда да жүзеге асты.

Жыл көлемінде атқарылған істердің бір парасы осындай. Биыл ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Мерейлі жылда жүзеге асар жоба ауқымы да, жауапкершілік те екі есеге артпақ. Облыс әкімі Гулшара Әбдіқалықова бұл қиындық уақытта екендігін, бұл сын сәттен де аман-есен шығатынымызды, бастысы бірлігіміз артып, татулығымыз тұрақты болуы керектігін тілге тиек етті.

Айдана СЕЙІЛ

## ҚАРБАЛАС ТІРШІЛІКТЕ НӘТИЖЕ БАР

### ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ТОҚТАМАЙДЫ

Мұнан соң шаһар басшысы қаладағы бірқатар құрылыс нысандарына барды. Қалада тұрғын үй құрылысы еселен артып, бірнеше жаңа шағын аудан бой көтеріп келеді. Өткен жылы 194 көпқабатты

үйдің құрылысын жеке кәсіпкерлер жүргізуде. СПМК-70 шағын ауданында 13 бірдей көпқабатты үйдің іргетасы қалануда. Аталған ауданда бой көтеріп жатқан несиелік үйлердің жалпы құны 8,2 млрд теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстары жоспарға сай аяқталса биыл 640 отбасы баспаналы болады.

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сол жағалаудағы арналы құрылыс турғын үйлерге арнайы ат басын бұрды. Мұнда 14 арналы үйлер салынууда. Құрылыс аяқталғанда 680 тұрғын сол жағалаудан үйлі болады деп күтілуде. Мердігер мекемелер құрылыс жұмыстарын сәуір-мамыр айларында бітіруді жоспарлап отыр.

Бұл үйлер үй кезегінде тұрған тұрғыны төмен, көпбалалы отбасыларға, нағыз мұқтаж азаматтарға сатып алу құқығынсыз табысталады болады. Алдағы уақытта да қаладағы тұрғын үй құрылысы бір сәтке бәсеңдемейді, – деді шаһар басшысы.

### СОЛ ЖАҒАЛАУ ЖЫЛЫ ЕКЕН

Құрылыс қарқын алған Қызылордадағы жол жөндеу жұмыстарының да жүйелі жүргізіліп жатқандығы көпке белгілі. Кейінгі жылдары 840 шақырымды құрайтын 1177 көше жөнелді. Биыл осы жұмыстардың жалғасы ретінде Ф.Мұратбаев - С.Бейбарыс көшелерінде орналасқан көпірлер аралығын жалғайтын сол жағалаудағы магистральдың 2 шақырымды құрайтын құрылысы басталып, жыл аяғына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар Тәуелсіздік даңғылының жалғасы саналатын 95 процент жұмыстары біткен «Қызылжарма» каналына дейінгі магистраль аяқталып пайдалануға берілсе, С.Бейбарыс көшесіндегі көпірден Эдельвейс саяжайы арқылы Тұңғыш Президент саябағына дейінгі аралықты камтитын 1,1 шақырымға жол түседі.



Ағымдағы жылы бұдан бөлек облыстық жастар орталығынан бастау алатын жолды Шіркейлі каналына баратын негізгі көшемен байланыстыру жүзеге асып, жалпы ұзындығы 3,4 шақырымды құрайтын магистраль салынбақ.

Өткен жылы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қоныста тұрып жатқан елдің қуанышын еселеп, көптің сүйіншілей айтқан хабарының бірі жаңа модульді жылу қазандығының іске қосылуы болды. Германия мен Италиядан әкелінген соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған жаңа нысан еліміз бойынша цифрлық технологиямен жабдықталған жалғыз орталық. Бүгінде жылу орталығының бірінші кезеңі аяқталып, сол жағалау аумағында орналасқан 32 көпқабатты тұрғын үймен 2 әлеуметтік нысан («Рухани жаңғыру» және «Жастар орталығы») жылумен қамтамасыз етіп тұр. Мұндағы бір қандымдық өзі 100 үйді жылумен қамтамасыз етуге қауқарлы. Орталық құрылысының екінші кезеңі толық іске қосылғанда сол жағалауды түгел жылумен қамтамасыз ететін болады.

Қаладағы бірқатар нысанның жұмысын көзбен көрген қала әкімі осылайша қарбалас тірліктің нәтижесін көрді.

Ж.ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



үй елігін пайдалануға берілді. Биыл да бұл жұмыстар қарқынды түрде жалғасуда. Қазіргі таңда 38 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 28 тұрғын үй «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынса, 10 көпқабатты

Басы 1-бетте



## ЭКОНОМИКА

Қаланың бюджет және экономикалық мәселелеріне байланысты қалалық мәслихатта тұрақты комиссия отырысы өтті. Отырыста қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Роза Жүнісова қаланы дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларға қол жеткізу көрсеткіші туралы баяндады.

## КӨРСЕТКІШ ЕМЕС, НӘТИЖЕ КЕРЕК

Маманның айтуынша, аумақтық дамыту бағдарламасымен биыл 23 нысаналы индикатор қарастырылған екен. Оның ішінде салықтық түсімдер, өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы, мектеп, балабақша, ана мен бала өмірі, жұмыссыздық, атаулы әлеуметтік көмек, мүгедектерге қолайлы орта қалыптастыру, мәдениет, спорт, құқық бұзушылық, автомобиль жолдары, экология сынды бірқатар саланың көрсеткіші бар. Аталған сала бойынша өткен жылы жоспарланған жұмыстар жыл соңына дейін өз деңгейінде орындалғанымен, кей көрсеткіш төмен нәтиже көрсеткен. Осы орайда депутаттар аталған мәселенің шығу жолын, шешімін, орындау барысын таразылады.

Халық қалаулыларын алаңдатқан мәселе – ана өлімінің өткен жылдармен салыстырғанда көбеюі. Бұл жоспарланбайтын нысаналы индикатор болғанымен, биыл 5 жағдай тіркеліпті. Оның мәнісін облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Бибізада Дүйсенбаева былай түсіндірді.

Өткен жылы ана өлімінің 5 жағдайы тіркелді. Оның 3-еуі өзге облыс тұрғыны болса, екеуі қызылордалықтар. Қайғылы жағдай дәрігерлердің салғырттығы не-

месе тікелей қатысу салдарынан орын алған жоқ. Нұр-Сұлтан, Шымкент және Атырау өңірінен қонаққа келген жұкті әйелдер карантин кезінде үйлеріне қайта алмай, осы өңірде қалуына тура келген. Оған қоса үшеуі де коронавирус инфекциясын жұқтырған. Олардың біреуі үй жағдайында, екеуі ауруханада көз жұмған. Ал қалған екі қызылордалықтың біреуі жүрек қан тамыры ауруымен жедел жәрдем көлігінде көз жұмса, екіншісін ауруханада аман алып қалу мүмкін болмаған, – деді маман.

Айта кетер жайт, мұндай жағдай көбінесе әлеуметтік осал топ санатында жиі кездеседі екен. Денсаулығы сыр берсе де, кейде үйдегі баласына қарайтын адамның жоқтығын айтып, аурухана көмегінен бас тартатыны бар. Сондықтан дер кезінде көрсетілмеген көмектің ақыры осындай келеңсіз жағдайға ұласатын көрінеді. Осы ретте облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Бибізада Әшімқызы 2018 жылы қолға алынған салааралық байланысты қайта жаңғыртсақ деген ұсыныс білдірді. Бұл осындай әлеуметтік аз қамтылған отбасындағы аналарға көмек көрсетуде басқа салалармен бірлесіп жұмыс

жасау, дәрігерлік көмекті уақытылы көрсету, балаларды уақытша қарауға алу сынды жәрдемдеу құралы болмақ. Ана мен баланы қорғау үшін барлық қолдау шарасын жасау керек деген халық қалаулылары, қажет жағдайда оған үкіметтік емес ұйымдарды да тарту керектігін тілге тиек етті. Алдағы уақытта осы бойынша нақты жұмыстар жүргізілетіні де айтылды.

Отырыста бұдан бөлек мәселелер де қозғалды. Мәселен, мүгедектерге қолайлы орта қалыптастыруда жоспарланған көрсеткіш жақсы болғанымен әлі де ақсап тұрған тұсы барын депутаттар ашып айтты. Әсіресе, әлеуметтік және қоғамдық көлік нысандарындағы жағдай көңіл көншітпейді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың бұл тұста айтар шағымы көп. Сондықтан көрсеткіштен бұрын, нақты нәтиже қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар үш ауысымды мектеп, ондағы зертханалық кабинеттердің материалдық базасын жақсарту, мәселесі өзекті. Осы мәселеге орай облыстық білім басқармасына тиісті ұсыныстар беріп, облыстық мәслихаттың қарауына жіберу керектігі айтылды.

Айдана СЕЙІЛ

## БРИФИНГ

Тұрғын үй коммуналдық саласындағы заңдылықтардағы өзгерістерге орай жаңа құрылымдар құрылды. Бұл туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев мәлімдеді.

## ЖАҢА РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

– Қала аумағында 815 көпқабатты тұрғын үй болса, соның 684 тұрғын үйіне 17 басқару органы қызмет атқарып келеді. Елімізде бекітілген жаңа заң аясында қаладағы көп пәтерлі тұрғын үйлер иесіз қалмау мақсатында тұрғындар арасында кенінен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сырдария, Универсам, Шұғыла, Тасбөгет аумағы тұрғындарымен кездесу өтті. Алайда тұрғындар тарапынан бұл реформаға қызығушылық танытқандар қатары аз. Кондоминиум нысандарын басқарудың қана бағыты – мүлік иелерінің бірлестіктерін қалыптастыруды көздейтін «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша түзетулер қабылданды. Мұның басты мақсаты – пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум нысанын басқару. Яғни олар мүлктің меншік иелері бірлестігі және жай серіктестіктер болып табылады, – деді Б.Далабаев брифингте.

Мүлктің меншік иелері бірлестігі – бұл бір үйдің пәтерлері мен тұрғын емес үй-жайлардың иелері құрған заңды тұлға (коммерциялық емес ұйым). Жай серіктестіктер – барлық ортақ меншік иелерінің азаматтық құқықтық шарт негізінде үйді бірлесіп басқару және күтіп ұстауы. Тұрғындар пәтер иелері берген сенімді негізінде жұмыс жасайтын тұлғаның таңдай алады. Сол арқылы тұрғындардың қатысуымен тұрғын үйге байланысты жиын өткізіліп, оған кемінде 51 процент қатысуы міндетті. Сол негізде тұрғын үйді күтіп ұстау үшін ағымдағы күрделі жөндеуге арналған есепшоттар екінші деңгейлі банктерде ашылуы пайдаланып.

Мұның барлығы мемлекет мүлкін тиімді пайдаланып, тұрғындар талабының орындалуын іске асырады. Брифингте айтылған басты ой осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ ТӘРТІБІ

Қазақ халқы ежелден төрт түлік малына аса мән беріп, күнкоріс құралы ретінде бағалаған. Халықтың басым бөлігі қоныстанған кенттер мен ауылдық округтердегі мал санын өсірумен қатар мал тұқымын асылдандыру көптеп қолға алынуда. Қызылорда қаласы бойынша жануарларын бірдейлендіру (сырғалау, танбалау) жұмыстары ҚР АШМ-нің 30 қантар 2015 жылғы №7-1/68 санды «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (әрі қарай – бұйрық) сәйкес жүргізілуде. Бұл қызметті атқару шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясы» ҚМК-на қарасты кент, қала, ауылдық округтердегі ветеринариялық пункт қызметкерлеріне жүктелген.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіріп, ҚР АШМ дерекқор базасына енгізу арқылы жануарлардың есебін анықтау және оларды аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы

ету аса маңызды іс-шара. Бұл өз кезегінде ветеринариялық іс-шараларды (вакцинация, диагностика, бірдейлендіру, емдеу, жою, т.б.) атқару және адам мен жануарларға ортақ аса қауіпті аурулардың алдын алуда жүргізілетін ауқымды жұмыстарды қамтиды.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабының 5-тармағына және бұйрыққа сәйкес мал иелері меншігіндегі малдарын (МІҚ, уақ малдар және түйе толдерін) туғаннан кейін 7 күннен бастап 14 жұмыс күнге дейін бірдейлендіруге міндетті, ал құлындыр чиптеу кезінде туғаннан 7 күн өткеннен кейін 14 жұмыс күні ішінде танбалау арқылы бірдейлендіретін болса 4 айлық жасқа толғаннан кейін өз ауылдық округіндегі ветпункт меңгерушісіне белгіленген үлгідегі өтініш беруіне міндетті. Меншігіндегі малдарын уақытылы бірдейлендірмеген мал егелеріне ҚР ӘҚБтК-нің 406 бабымен айыппұл салынады. Қазір чиптеу арқылы бірдейлендіру тиімді әдіс болып

отыр. Себебі чип арнайы шприппен жануардың тері астына салынады және өмір бойына сақталады. Чиптеу әдісін барлық жануарлардың түріне пайдалануға болады.

Сонымен қатар аша тұяқты жануарларға (мүйізді ірі қара, түйе, уақ мал, шошқа) салынатын сырғаның чиптелген электрондық түрін (радиожүйелі) алуға болады. Мұндай сырға салынған жануарлар «Ақпараттық-талдау жүйесі (ИАС)» республикалық мал шаруашылығы жүйесіне бірден тіркеліп тұрады. Электрондық сырға да, чип те сканер арқылы оқылады. Сканерді мал егесі сатып алуына болады немесе ветеринариялық ұйымдардағы сканерді пайдалануға болады.

Ш.ЖУМАДИЛҚАЕВ,  
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы



Осыдан үш жыл бұрын, яғни 2017 жылдың тамыз айында Ұлытау өңіріне сапарлап барған болатынбыз. Жай сапар емес, қазақ-жоңғар соғысындағы ең атақты шайқастың бірі болған Бұланты жеріне барудың сәті түсті. Сол жылы Бұланты шайқасына 290 жыл толған екен.

Алтай мен Атыраудың арасындағы сайын даланы мекендеген қазақ халқының басынан небір нәубетті жағдайлар өткен. Солардың бірі ретінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманын атап өтуге болады. Атамекенінде шапқыншылыққа ұшырап, «Елім-айлаған» жұрт қайта бас көтеріп, 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында қалмақ әскерімен кескілескен ұрысқа түседі. Елбасы Н.Назарбаев: «Орыстар үшін «Полтава шайқасы» қандай маңызды болса, біз үшін де «Бұланты шайқасының» тарихи маңызы зор», – деген болатын.

Тарихи мәліметтерде XVIII ғасырдың басында қазақ жерінің шығысы мен Жетісуды, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға қарай бет бұрғаны айтылады. Осы қауіпті кезеңде Ордабасы жиынында бірқатар бұлкіл қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілқайыр хан сайланды. Бұл жоңғарларға қарсы ұйым-

де үнілдік. Бұл жерде Ұлытау жерінде Бағаналыдан тарайтын Сары батырдың шыққан тегіне, өмір сүрген уақытына ден қойғанда, оның Есім ханның тұстасы екенін аңғардық. Бұдан ел аузындағы Сары батырдың Жәнібек ханның аталығы болған деген деректің де шындыққа біртабан жақын екенін байқауға болады.

Осы жерден ойды басқа жаққа бұрып, хан баласының аталығы болатындай Сары батырдың кім екенін айғақтап алайық. Бізге жеткен шежірелік деректерде Сары батырдың Жәнібек ханның аталығы екені, ал оның інісі Сарғалдақтың жекпе-жекте дес бермеген хас батыр болғаны айтылады. Энциклопедиялық мәліметтерде аталық – хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам. Өзі тәрбиеленген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Ауызша деректерге қарағанда, аталық көбінесе нағашы жұртынан немесе тағайынан таңдалған көрінеді. Аталықтың қызметі хан тағының мұрагеріне билік технологиясын және әскери өнерді үйретумен шектелген жоқ. Құрбанғали Халидидің мәліметіне сүйенсек, оның билік құзыры қатардағы үздірден жоғары болған. Тіпті оның жарлыққа хан құқығындай мөр

Осы жерден бағытты сәл өзгертіп, Сары мен Сарғалдақ батырлардың Есім ханның сенімді серіктері болған деп айтсақ, ешкім сөзімізге қарсы келе қоймас. Оның басты дәлелі ретінде Жәнібектей тақ мұрагеріне ұстаздығын айтсақ та болады. Сенімді батыры нәм билік ісінен хабардар болмаса үлкен ұлына аталық етпес еді. Ал аталықтың қатардағы үздірден жоғары лауазым екенін жоғарыда атап өттік. Сонда Сары мен Сарғалдақ Есім бастаған бірнеше шайқасқа қатысқан болып тұр ғой. Басқасын айтпағанның өзінде Тәуекел ханның Орталық Азияны бағындыру жорығында Есімнің жанынан табылуы әбден мүмкін. Онан кейінгі Тұрсын ханға қарсы жорықтың басы-қасында жүруі де ықтимал.

Жазушы Аппаз Қаражігітөвтің «Мысты өңір» газетіне жарияланған «Барлыбай батыр» деген мақаласында Сары мен Сарғалдақ батырлар хақында дерек айтылған. А.Қаражігітов: «Бағаналы Найманның Сары есімді баласы да жау сағын талай қансыратқан, өз заманында батырлығымен ел жұртына атағы жайылған кісі болады. Заманына қарап адамы демей ме, әлдісі әлсізін

маңдайшаға қадалған көк сүңгі кімдікі болса, мен соныкімін. Бәрінен бұрын қолы жеткен батыр сол! – депті. Сондағы найза иесі Сары батыр болады. Қыздың аты Аққыз екен. Көп ырғаспай қыздың төрелігіне тоқтап, бәрінен бұрын ақ отауға найзасы жеткен Сары батырға Аққызды қосады», – дейді жазушы.

Бұл деректерден Сары мен Сарғалдақтың қатардағы сарбаз не ел жадынан ұмыт болған батырлар санатынан еместігін аңғаруға болады. Тіпті ұрпақтары жауға қарсы осы кісілердің есімінен атойлап шапқан. Енді бұған дәлелді алыстан іздеудің қажеті жоқ. Өйткені Тауасар, Өтеген, Барлыбай, Жаулыбай сынды өмірін туған елін қорғауға арнаған батырлардың ұраны Сары-Сарғалдақ болған. Бұл – тарихи шындық.

Есімнен кейін таққа отырған, Қазақ хандығын он бес жылдай басқарған Жәнібек ханға қайта оралайық. Жоғарыда Сары батырдың Есім ханның сенімді серігі болғанын, сол себептен де тақ мұрагері болып табылатын үлкен ұлына аталық еткенін айтқан болатынбыз. Осы жерде Есім ханның жорықтарында оның ұлы Жәнібектің де болғанын алға тартқымыз келеді. Оған тарихи деректер де келтіруге болады. Жалпы Есім ханның ұлы Жәнібек хан туралы деректер

бұл құжаттарда қазақ ханының кім екендігі айтылмайды. Ал 1639 жылдың 17 тамызында жазылған құжатта қазақ ханы Жәнібек ханның есімі бірнеше рет айтылады. Құжат мәтініндегі Жәнібек ханға тікелей қатысты жерді толықтай беруге тырысалық. «(л. 731) И как, государь, прехние стольник и воеводи князь тобольских служилых людей и юртовских служилых татар, котрым иди на твою государеву службу с Яковым Тухачевским, и в те поры сказывал нам, холопом твоим, в сзезажі избе Тобольского города атаман казачей Гаврило Ильин: В прошлом де, государь, прехние стольник и воеводи князь Михайло Темкин Ростовской с товарищи посылали ево, Гаврила, в Колмацкую Орду к Талаю тайше в посланникех говорити о тюменском полону. И при нем де, государь, Талай тайша со многими колмацкими тайши ходили в поход казачьи Орды против Яныбека царя, а ево де, Гаврила, Талай тайша имал с собою ж. И в том де, государь, походе // (л. 732) с ним быти твою государеву изменники тюменские татары Яныбай Юлтурин с товарищи. И идучи де, государь, те татарова улусами у Ендюна да у Торгучи тайшей в улусех и во всю дорогу били челом тайшим, чтоб им, пришед ис походу от Яныбека

## ТАРИХТЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СЫРЛАРЫ немесе Есімнен кейін Қазақ хандығын кім басқарды?

дасқан шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Соның нәтижесінде Ұлытау өңіріне енді кездеген жоңғарлар 1726 жылы «Шұбар теңіз» шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліс тапты. Мұның артынша Бұланты мен Білеуіт өзендері арасындағы кең жазықта шешуші ұрыс болды. Ол тарихқа «Бұланты шайқасы» деген атпен енді. Тарихи ұрысқа Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Тауасар Тілекеұлы, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Жасыбай, Есет, Малайсары, Баян, Олжабай, Барлыбай, Қожаберген, Түгел, Бөлек, Төлек Шақантай, Жаулыбай, Қошқарбай, Жәлмен, Қанатбай, Байболат, Апыр, Аманғұл, Түйте сияқты басқа да көптеген батырлар қатысқан. Шешуші айқаста қазақ жасағы жеңіске жетіп, жоңғарлар Ұлытауға жеткізбей тоқтатылды. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе «Қалмаққырылған» атанды. Қанжығалы Бөгенбайдың ұсынысымен соғыста қаза болған қазақ жауынгерлерінің денесі тау басына жерленді. Осы оқиғадан кейін жоңғарлар басып алған қазақ жерлерін азат ету кезеңі басталды. Бұл оқиға жайлы сол сапардан түйген ойдың қорытындысы ретінде кезінде Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетіне «Бұлантының бойында қазақ қалың қол жиған» деген тақырыппен мақала да жаздық.

Ұлытау жерінде жүргенде жергілікті халықтан Жәнібек ханның аталығы болған Сары батыр туралы естідім. Ол қай Жәнібек? Қай ғасырда өмір сүрген? Жезқазғандағы жұрттың есінде қалатындай қандай тұлға? Содан бері осы сұрақтар маза бермей келеді. Қол босаса болды тарихи кітаптарда оқып әлекпіз. Сондағы мақсатым – әлгі Жәнібек хан туралы деректерді табу. Өйткені тарихта бірнеше Жәнібектің болғаны белгілі. Қазақ жұртының есінде сақталған хандықтың іргесін қалаушылардың бірі – әз-Жәнібек. Бұл кісіге аз есімінің берілуінің өзі тегін емес. Қазаққа екі-ақ ханға аз есімі берілген. Соның бірі – Жәнібек хан да, екіншісі – әз-Тәуекел. Алғашында «қазақтың есінде сақталса, осы әз-Жәнібек болды ғой» деп ойладым. Кейін ғалым Ақселее Сейдімбектің «Балталы, Бағаналы ел аман бол» атты Ұлытау аймағына қатысты шежірелік кітабы қолыма түсті. Сол кітаптағы шежірелік деректер бойынша, Сары батырдың өмір сүрген уақыты 1550-1650 жылдардың шамасы секілді. Жай арифметикалық есеппен қарағанның өзінде шамамен жүз жылдай уақыт айырмасы шығып тұр. Бұл дегенің Сары батырдың шәкірті болған Жәнібектің әз-Жәнібек емес екенін көрсетіп тұр. Сонда мен іздеген Жәнібек хан кім болды? Өзі өмірде болған адам ба, әлде қиялдағы кейіпкер ме? Содан тапқан дерегіме көз жеткізе түсу үшін басқа да зерттеушілердің дүниесіне үңілдік. Алдымен Мәди Болатовтың онан соң Қуаныш Ахметов пен Сұлтан Сүтбаевтың жазбаларын қарап шықтық. Аппаз Қаражігітөвтің де кітаптарын ақтардық, мақалаларын сараптап шықтық. Ұлттық энциклопедияны да парақтаудың реті келді. Тіпті еліміздің ұлттық мұрағатына да барып, қажетті материалдармен таныстық. Нәтижесінде мен іздеген Жәнібек әз-Жәнібектен басқа адам болып шықты.

Тарихи материалдарды сарапалап қарағанда, Алтын ордадан бері қарай Жәнібек есімімен кездесетін бірнеше хан-сұлтан бар екен. Ал біздің нысанға алып отырғанымыз Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – әз-Жәнібектен бір ғасырдай кейін өмір сүрген адам. Соған қарағанда аз-Жәнібектің ұрпағы. Бабасына ұқсасын деп есімін солай қойған секілді. Мұндай дағды қазақ халқында қазір де кездеседі. Бір ғана мысалмен айтар болсақ, қазір халық арасында мыңдаған Абылай, Қабанбай, Бөгенбай есімді жігіттерді кездестіруге болады. Әз-Жәнібектің ұрпағы болатын болса, дәйекті деректі хандар шежіресінен іздеу керек деген ойға келдім. Содан ғаламтор беттерін ақтарып отырып, Қазақ хандығының хандар шежіресін сүзіп шықтық. Бұл жерде Есімнен кейін оның ұлы Жәнібек сұлтанның хан болғаны жазылған. Бірден тарихи және ауызша деректерді салыстырып, тағы бір қарап шықтық. Шежірелік деректерге



қоюға да құзыры болды. Демек аталық ханның аса ықпалды жақын кеңесшілерінің бірі болса керек. Өкінішке орай, қазақ хандарына қатысты аталған тұлға жөнінде деректер жоқтың қасы

Аталық бұл – бүгінгі тілмен айтқанда хан баласының ұстасы. Яғни елді басқарып отырған хан ұлдарын өз жұртындағы батырлығымен дараланған, ақыл-парасаты ханзадаға жол көрсетіп, жөн сілтеуге жетерлік жанға шәкірт ретінде тапсырып отырған.

Хош делік, хан баласына ұстаз болған Сары батырдың осыдан-ақ тегін адам еместігі көрініп тұр. Біз қазақтың хандар шежіресін алып қарағанда, Еңсегей бойлы ер Есімнен кейін 1628-1643 жылдар арасында Қазақ хандығының ханы Жәнібек ханның болғанын аңғардық. Ашығын айтсам, өз басым қатты таңғалдым. Өйткені Есімнен кейін хан тағына Салқам Жәңгір отырды деп ойлайтынмын. Ал мына дерек бойынша арада тағы бір ханның болғаны көрсетіліп тұр. Оның үстіне қазақ аталып келген осынау жұртты 15 жыл басқарған. Сонда бүтін бір ұлысты 15 жыл уақыт басқарған хан есімі неге бүгінде көп аталмайды? Жәнібек хан туыстық жағынан алғанда Есімханның үлкен ұлы екен. Яғни тақ мұрагері. Салқам Жәңгір атанған тарихи тұлғаның туған ағасы. Осы деректерді саралай қарағанда, Сары батыр Есім ханның ұлы Жәнібек ханның ұстасы болуы бек мүмкін. Солай болған жағдайда Сары мен Сарғалдақ батырлар Есім ханмен бірге талай жаудың бетін қайтарған болып тұр ғой. Дәл сол Есімнің тұсында Сары мен Сарғалдақтың қазақтың қос батыры қайсарлығымен нәм қанармандығымен дараланғанын кейін ғана өз ұлына Сары батырды аталық еткен сыңайлы. Нақты қандай шайқастарға қатысқанын тарихшылар тәптіштеп айта жатар. Тек оқырман тарихи деректерге мән берсе дейміз.

Тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Берекет Қарібаетовтың республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Есім хан» атты мақаласында Есімнен кейін таққа оның ұлы Жәнібек сұлтанның отырғаны айтылады. Академик: «Деректерде Есім ханның тек ұш ұлының есімі ғана айтылады, қалғандары жөнінде мәліметтер жоқ. Оның ұлдары: Жәнібек сұлтан, Жәңгір хан (Жахангер) және Сырдақ сұлтан. Есім ханнан кейін тақты оның ұлдары Жәнібек, одан кейін Жәңгір хандар басқарды», – деген мәліметтерді алға тартады. Демек қазір есімі ел ішінде көп айтылмаса да біз жазып отырған Жәнібек ханның тарихта болғаны, оның ел басқарғаны тарихи шындық. Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағатында ғалым Ақселее Сейдімбектің жеке қоры сақталуы тұр. Осы мұрағаттағы №167 қор, №1 тізім, 179-іс, 26-бұмада сақталған құжатта Жәнібек ханның соғысқа Сары батырмен бірге барғаны жазылған. Бұл дерек те біздің сөзімізді айғақтай түседі.

басып алып, мал-жанын олжалайтын сұрапыл заманда өмір кешкен батыр, кейін Сарыата атанған кісі он екі айел алған деседі. Бірақ жаугершілік заманның батыры сол айелдердің бәрін де жаудан олжалаған сияқты. Ол замандағы қазақ елі үшін басты жау қалмақтар болды емес пе? Сол ата жаумен бір айқаста жеңілген жау қашып, жеңген батырлар жауды туған жерден түре қуады. Тағы да сол кездің, жеңілген жақтың белгісі ретінде дәстүрге кірген бір салты – қашқан жау жұртына жасауы мен ақ отауын тігіп, бойжеткен сұлу қызды тарта-таралғы ретінде қалдырып кететін болған. Жауды түре қуған батырлар бір биіктің басына шыға келсе жау жұртына қалдырған ақ отау көрінеді. Бұл әрине, жаудың бітім сұраған, әрі жеңілгенінің белгісі. Осындай бір жеңістің куәсі болған ерлер өзара: «Ал, жігіттер, – депті. – Бұл отауда бір ғана қыз бар. Біз әлдене ісіміз. Жалғыз қызды үлеске де сала алмаймыз және жеңілген жаудың қызына кімге барғысы келеді деп таңдау да бере алмаймыз. Жеңілген жаудың көп дүниемен ең сұлу қызды қалдыратыны да белгілі. Ендеше осы жолы жасы үлкен, не кіші демей, не ерен ерлігімен, батырлығымен айрықша беделді еді деп біреуімізді ерекшелемей, осы топтан қайсысымыздың атымыз озып бұрын барғанымыз ғана қызды алатын болайық» – деп бәтуаласыпты. Бойларында бес қаруы сай кілең сәйгілукі мінген батырлар осы бәтуаға келісіп, ат басын босатып жіберіпті. Жарысқан соң көптің бәрі бірдей мәреге озып жете бере ме? Әйтсе де, оншақты батыр үзеңгі қағысып отауға қатар келіп қалыпты. Сонда аты алдындағылардан сәл қалыңқырап келе жатқан Сары батыр найзасын қыз отауының шаңырағына шаңша лақтырыпты. Ақ отаудың түндігінен тесіп түскен найза маңдайшаға қадалады. Дүниені көшірген абыр-дабырдан жалғыз отауды қаңбақтай көшірер қалың нөпір қолдың дүбірінен онсыз да зәресі ұшып, заманы ұсы болып отырған қызға: – Қане, озып келген батырды атынан түсіріп ал! Таңдау сол! Олжа соныкі. Бақталайына қандай сұлу кез болды екен. Көрейік! Шық бері! – деген дауыс естіледі. Қолаң шашы тірсегін жапқан, қара көзі мойылдай аппақ ауру үйден бұрала шығады. Ұзақ саны мың ба, әлде одан да көп пе, сауыт сайманы жарқ-жүркі, найзасы көк тіреген қалың тобырдың ортасында қалған қыз аңтарылып таңдана қарап қалады. Ақ отауды ентелей келген батырдың бірі: – Ұста менің шыбырлымыды, озып келген менмін! Мына самсаған қол, найза көтерген ерлердің бәтуасы бұл! Сен озған ердің олжасысың! Маған тиесілісің! – депті. Кимелеген, атының басымен алысқан басқалар да әлгі батырдың сөзін қуаттай қызға сол пікірді жеткізеді. – Жоқ, – депті қыз сонда. – Бәрінен озған, аттан да бұрын жеткен біреу бар. Менің бақталайыма кездескен сол болар. Кім болса да маған ие сол. Ақ отаудың түндігін жай оғындай жарып өтіп,

XVII ғасырдың алғашқы жылдарындағы Қазақ хандығы мен Мәуереннахрдағы аштарханлық әулет арасындағы оқиғаға байланысты жазбаларда кездеседі. Ал отандық ғалымдардан біз негізге алған Жәнібек ханның өміріне байланысты мәліметтерді алғашқылардың бірі болып Т.Сұлтанов ұсынды. Одан кейін тарихшы И.Ерофеева 1998 жылы Алматы қаласында И.Г.Андреевтің «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» атты еңбегін басып шығарып, еңбекке түсініктемелер жазу барысында Жәнібек ханға тоқталады. Бұл жайында академик Б.Кәрібаев халықаралық «Түркістан» газетіне шыққан «Есімнің ұлы Жәнібек хан» атты мақаласында кеңірек тоқталады. Ол И.Ерофееваның И.Андреевтің Жәнібек хан мен Жәңгір ханды Есім ханның ұлдары деп көрсетуіне мынадай түсініктеме бергенін айтады: «Жәнібек хан. Бұл жерде Есім ханның үлкен ұлы, шамамен 1628 жылдан – XVIII ғасырдың 40-шы жж. ортасы аралығында қазақ даласында билік құрған Жәнібек хан жөнінде айтылып отыр...».

2012 жылы тарихшы Т.Жұмағанбетовтің «XVII ғасырдағы қазақ мемлекеті тарихындағы II Жәнібек хан» атты мақаласы шықты. Т.Жұмағанбетов алғаш рет отандық тарихнамада Жәнібек ханның тарихи рөлін көрсетуге тырысады. Біз осы мақаланы жазу барысында әлеуметтік желіге де Есімнің ұлы Жәнібек хан жайлы кімнің не білетінін сұраған болатынбыз. Фейсбук парақшасындағы жазбаға Сыр бойына белгілі тарихшы Бақытжан Ахметбек пікір білдіріп, Жәнібектің Есімнің ұлы екенін әрі тұлғалы батыр болғанын атап өтті.

Тарихқа зер салсақ, Жәнібек хан таққа отырып, ел басқарған жылдары шығыстағы ойрат тайпалары бірігіп, Жоңғария мемлекетін құрған. Бұл – шамамен 1635 жыл. Тайпалар бірлестігінен құрылған соң Жоңғария жолындағыны жайлап өтуге дайын мемлекетке айналды. Сонау Өзтемірдің кезінен басталған жорық Батырдың ойранына ұласты. Үлкен мемлекеттің хонтайшысы болған Батыр қазақ жеріне шабуылдауға көшті. Бұрынғы қазақ-ойрат, одан кейінгі қазақ-қалмақ тектері енді мүлде басқаша сипат алды. Бір кездері Өзтемір тайшы Керей мен Жәнібек құрған мемлекетті басып алуға ыңғайланса, енді Батыр мүлдем жоймақ ниетке көшті.

Орыс дерегіндегі мәліметтерге қарасақ, Жәнібек хан тұсындағы қазақ-жоңғар қатынастары 1630-жылдардың ортасында басталып кетеді, дейді тарихшы Б.Кәрібаев өзінің «Есімнің ұлы Жәнібек хан» атты мақаласында. Ғалымның айтуынша, 1635 жылғы 19 шілдедегі, 1635 жылғы 6 шілде мен 2 желтоқсан арасында жазылған құжаттарда жоңғарлардың қазақтарға жорығының болғандығы, қазақтардың жеңіліс тапқандығы және қазақтың Жәңгір сұлтаны тұтқынға алынғандығы туралы баяндалады. Бірақ

царя, итти под твои государевы города и на слободы. И как Талай и Елдене и Торгучи и иные многие колмацкие тайши и абаши с колмацкими своими улусными людьми ис походу пришли и стали улусами своими у озер у Ильдене камени, и на то де урочище при нем, Гавриле, присылали к Талай тайше колмацкие Ельдене да Торгучи и иные многие тайши и абаши, чтоб им итти под твои государевы города под Тюмень и под слободы. И в колмацкой, государь, записной книге прошлого года написано: Посылан он, Гаврило, да с нис тобольской юртовской служилой татарин Келмамет князь Бегшеев к Талай тайше говорити, чтоб он, Талай тайша тюменской и тарской полон, что улусные илюди поимали под Тюменью и под Тарою, сыскав, вес отпустил без задержанья... И ходил де Талай тайша в поход Казачьи Орды против Яныбека царя и, пришед де ис походу, в тюменском полону емо отказал... ...А что, государь, Гаврило Ильин сказывал нам, холопом твоим, в распросе, как Талай тайша и иные тайши ходили в поход Казачьи Орды против Яныбека царя» [4,338-340].

Көріп отырғанымыздай, құжат мәтініндегі жоңғарлық Далай тайшының қазақтарға жорығы 1638 жылы болып, ол кезде қазақ билеушісі болып Жәнібек хан отырған. 1640 жылдың 3 маусымы мен 1641 жылдың 3 ақпаны аралығында жазылған құжатта «Хантайышда Қазақ ордасындағы Жәңгір сұлтанның төрт бұхарлық елшісінің» болғандығы баяндалады. Орыс тіліндегі бұл құжаттың мәліметтеріне талдаулар жасай келе, жинақты құрастырушы А.Исін 1640 жылғы орыс елшісі М.Ремезовтың Батыр хонтайшыға барған сапарына мынадай түсініктеме береді: «1640 жылы 1 қарашада М.Ремезов Батыр хонтайшы алдында сөз сөйлеп, оған «патша сыйын» тапсырғанда оның жанында Елден тайшы (торғауыт Үрлік тайшының ұлы), Қазақ ордасынан Жәнібек ханның елшісі және тағы үш елші отырады. Осындай мәліметтерді алға тартқан академик Кәрібаев мұнан соң орыс тіліндегі құжаттарда Жәнібек ханның есімі кездеспейтінін айтады. «Әзірет сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ресми сайтында Жәнібек Есімұлы жайлы бірқатар дерек бар. Онда: «Жәнібек Есімұлы – XVII ғасырда өмір сүрген қазақ ханы. Ол қазақ хандарының Жәдік әулетінен тарайды. Есім ханның үлкен ұлы. Тарихи деректерде балалары туралы мәлімет жоқ. «Бахр ал-асрар» атты шығыс дерегінде 1611 жылы Есім хан Орта Азияның бір бөлігін басып алғанда Жәнібек сұлтанды Мәуереннахрдағы алты иеліктің бірінің бас қаласы болып табылатын Сағарда шаһарына әкім етіп тағайындаған. Оның Қазақ ордасының ханы болып билік жүргізуді бастаған жылы туралы нақты деректер жоқ. Дегенмен XVII ғасырдың 30 жылдарында ағасы Абылай сұлтан қайтыс болғаннан кейін таққа отырды деп болжам жасауға болады. Қазақстан тарихын зерттеуші ғалым И.В. Ерофеева Жәнібек ханның өмір сүрген кезеңіне сәйкес келетін орыс тілді құжаттар бойынша, оның «Қазақ ордасының» билеушісі, яғни «царь» титулы болғандығына айрықша назар аударады. Бұл Жәнібек ханның XVII ғасырдың 30-40 жылдарында Қазақ хандығының билеушісі болғандығын дәлелдейді. Тарихи деректерде Жәнібек хан Қазақ хандығына үлкен қауіп төндіріп тұрған ойраттармен көп соғысқан. Сондай-ақ ол ойраттармен болған бір шайқастардың біріне қаза тапты деген пайымдаулар келтірілген. Жәнібек хан Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген тарихи тұлғалар тізіміне енгізілген», – деп жазылған.

Қай деректі алсақ та, кімнің мәліметіне үнілсек те Есім ханның Жәнібек атты ұлы болғанын нәм оның елді басқарған хан екенін көреміз. Оның Жоңғар мемлекетінің шапқыншылығына қарсы тойтарыс берген алғашқы хан екенін біз ұмытқаннан тарих ұмытпайды. Демек Жәнібектей тарихи тұлғаға лайықты баға беретін кез келді. Тұлғаларды дәріптеуді ертеңнің ешкісіне қалдыруға болмайды. Бұл бүгіннен бастайтын нәм келер ұрпаққа насихат ретінде қалдыратын мирастың бірі болмақ.

# «БОЛАШАҚТЫҢ» ҚҰЛПЫНАЙЫ, ҚИЯРЫ

Біз сөз еткелі отырған «Болашақ» университетінің жанында орналасқан жылыжай. Бүгінгі нарық заманы жаңа технологияларды меңгеруді талап етеді. Енді қызылордалықтардың дастарханынан қыста қияр мен қызанақ үзілмейді. Университет жанындағы жылыжайда қияр, қызанақ және құлпынай бар. Жылыжай төрт бөліктен тұрады. Барлық бөлік те түрлі жемістер егілген. Барлығы – табиғи өнім. Жылыжай тамшылату әдісімен суарылады.

Жылыжайдың бір бөлігінде өткен жылғы алғаш рет құлпынайдың «Зимний аромат» сортының көшеттері отырғызылған. Әдетте құлпынайды күтіп-баптау мен мол өнім алудың түрлі тәсілдері бар. Ал мұндағы бағбандар голландиялық тәсілді пайдаланған.



Жылыжайға жауапты Марат Жанұзақов – ұзақ жылдар бойы ауылшаруашылық саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман. Ол бүгінде университеттегі студенттерді осы жылыжайға әкеліп, арнайы дәріс өтеді.

– Дегенмен жылыжай ашу бар да, оны ұстап тұру, керегінше өнім алу екінің бірінің қолынан келмейді. Жылыжайда құлпынай жемісіне қажет 22-25 градус температура, гүлдеу кезінде 70 процент ылғалдылық талаптары сақталды. Вегетациялық кезеңде үстеп қоректендіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде көшеттерден бір жарым айдан кейін піскен жемістерді жинаудамыз, – дейді ауылшаруашылық ғылымының кандидаты, профессор.

Басы 1-бетте

Сонымен қатар жылыжайда «черри» қызанағының «Требус» деген түрі бар. Қызанақтың бұл түрі жоғары өнім береді. Бұл тәзімді және дәмді болып келеді. «Черри» қызанағы – салатқа таптырмайды әрі бағасы да қымбат екені белгілі. Бүгінде бұл өнімге қалада орналасқан мейрамханалардан көп ұсыныс тұсуде. Егер көп жеміс берсе сату жоспарда бар дейді.

«Болашақ» университетінің агробиологиялық ғылыми зерттеу лабораториясында қияр да өседі. Қиярдың «Гладкий хайрот» түрі өздігінен тозаңданады. Қияр түйнегінің ұзындығы 16-18см. Салмағы шамамен 190-210 грамм. Өнім жинау кезінде бір ұяның өзінен орташа 10 кг-ға дейін өнім береді екен.

– Жылыжай ісін қолға алғалы мұнда жауапты маман болып бекітілді. Былтырғы еңбек жемісін берді. Қызанақ пен қиярдан мол өнім алдық. Биыл да шығысы жаман

емес. Бұл жылыжай тек табыс көзі ғана емес, мұндағы жастардың тәжірибе шыңдауына да мүмкіндік болып отыр. Жылыжай жұмысымен таныстырып, студенттерді алып келіп, қай көкөністің күтімі қалай болатынын жетік үйретемін. Олардың да бұл салаға қызығушылығы басым. Алдағы уақытта жастардың ішінен кәсіпке бет бұрып жатқандары болса, бұл үлкен тәжірибе болады. Мұндағы жеміс-жидектерді біз базар аралап өткізбейміз. Бүгінде халық үйренді. Сондай-ақ, университет мұғалімдері де таласып алып кетеді, – дейді жылыжай меңгерушісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Ақерке Тәжекеева.

Жылыжайдағы тірлік сырт көзге жеңіл көрінгенімен, қызанақ пен қияр өсіру қып-қызыл еңбек. Күтті мен бабы бөлек. Әр түптен 6-7 келіге жуық өнім алуға болады. Қазір ынталанған адамға табыс табудың көзі бар. Тек еңбектену керек, – дейді бағбан.

Бүгінде қаламызда жылыжайлар саны жылдан-жылға артып келеді. Жыл мезгіліне қарай бағасы құбылып тұратын қызанақ пен қияр бүгінде көптеп өсіріле бастады. Жылыжайлар санының артуы жеміс-жидек, көкөністі сырттан әкелетін жергілікті тұрғындар үшін тиімді болмақ. Жылыжай жұмысы қажырлы еңбекті талап етері сөзсіз. Ал «Болашақ» университетінің жылыжайындағы мамандар алдағы уақытта мұнда мандарин мен лимон жемісін өсіріп көруді жоспарлап отыр.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ  
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



## ҮНДІ ФЕРМЕРЛЕРІ НЕГЕ НАРАЗЫ?

Ашуға булыққан үндістандық фермерлер өз ақпараттарын тастап, әлемдегі үлкен көтерілістердің бірін ұйымдастырды. Қарашадан бері он мыңдаған фермерлер ел астанасы Нью-Делиге жақын жердегі жолдарға күрке құрып, сонда тұрып жатыр. Тікенек сымдар мен қоршаулар арқылы әскерилер ел астанасын қорғап тұр. Әскерилер мен фермерлер арасында қақтығыстар да орын алуда. Үнді фермерлерінің не үшін көтеріліске шыққанын анықтау үшін «CNN» арнасына тілші Джесси Енг «Үндістан бойынша фермерлер бірнеше ай бойы наразылық білдірді. Себебі мынада» атты арнайы репортаж дайындады.



Олар ауыл шаруашылығы туралы қыркүйекте қабылданған заңға қарсылық білдірді. Үкімет бұл реформа елдегі ауыл шаруашылығын модернизациялау үшін қажет дейді. Білік пен халық арасындағы қырғи қабақ келіссөз жасауға кедергі келтіріп отырғандықтан, тілші Үндістанда көтеріліс әлі бітпейді деп пайымдайды.

Мәселенің мән-жайына келсек, бұрын жыл сайын жиналған өнімді фермерлер билік белгілеген шекті бағада сата алатын болған. Ал жаңа заң бойынша өнімді сатушы кез келген адамға және өзі ойлаған бағаға сата алады. Аталған заңды қабылдаған премьер-министр Нарендры Моди фермерлерге еркіндік беріліп, дедальсөз тікелей сатып алушымен келісуге жол ашады деп шешкен.

Алайда фермерлер бұл заң арқылы үлкен компаниялар бағаны төмендетінін алға тартуда. Сұраныс көп тұста олар өз өнімдерін оңай сатып жүрген болса, енді бағаның алуандығына байланысты өнімдерін сату қиындайды деп қорқуда.

Үндістанда 1,3 млрд халықсыз 58 проценті ауыл шаруашылығымен айналысады. Ал олардың жаңа заңға қарсы шығуы ел үшін саяси көтеріліс болмақ. Себебі 2024 жылы өтетін сайлау кезінде фермерлердің ашуын тудырған Модидің жеңіске жетуі екіталай.

Бұған дейін Моди өзінің Бхарати Джанат партиясымен фермерлерді үгіттеп, олардың игіліктері үшін заң қабылдайтын еді. Мәселен, 2014 жылы партия егін бағасы 50% жоғары ұсынылсын деп шешсе, 2016 жылы Моди 2020 жылға дейін фермерлердің айлығын екі есе өсіруді көздеді.

«Үкімет жаңа заң жобасы бәсекелестікті арттырып, фермерлер бағаны көтеруге мүмкіндік алады деп ойлауда», – дейді тілші мақаласында.

Көтеріліс заң қабылданған уақытта басталған. Кейін ашуланған фермерлер өз жүк көліктері, тракторлары арқылы Нью-Делиге жақын шекарада блокадалар құрған. Қатарға тізілген мыңдаған адам ереуілді бастаған кезде әскерилер көз жасуаратын газ пашып, ел астанасына кіргізу үшін амыл жасаған. Желтоқсанда да халық жан-жақтан көтеріліске шығып, аштық жариялаған. 100 мыңға жуық адам бейбіт ереуіл ұйымдастырғанымен, полиция оларды сокқының астына алған.

16 оппозициялық партия Бодидің күш қолданғанына қарсы болып, оны «өзімшіл, халықтың сөзіне құлақ аспайды» деп айыптаған. Осы тұста үкімет қоғамдық тәртіп орнату мақсатында интернет желісін ажыратты.

Көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі Самюкт Кисан Морч сұықтан, жол-көлік оқиғасынан және суицидтан 147 фермер қайтыс болғанын айтады.

Тілші үкімет басшылары 30-дан астам фермерлік одақтың басшыларымен келіссөз жүргізе алмады деп түйіндейді. Қаңтардың басында Үндістанның Жоғарғы соты жаңа заңды уақытша тоқтатқан. Мұны «Бұл үкімет фермерлермен келіссөз жүргізу үшін қабылданған шара» деп пайымдайды тілші. Бүгінгі кезде аталған заңды 12-18 айға тоқтатып қойса да, ереуілшілер көтерілісті тоқтатп емес. Оқиға орнында болған Джесси Енг «Заңды толық алып тастамайынша, көтерілісшілер тарқаспайды» деген тұжырым жасайды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған  
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

## ДЕНСАУЛЫҚ

# Covid-19:

## 1000 қызылордалық вакцина салдырды

Өңірге әкелген алғашқы 1000 доза вакцина толық салынып бітті. Бұл туралы Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Жалпы 1000 дана екені салу үшін 17 күн уақыт кетті. Ақпаратқа сүйенсек, бір күнде ең көп вакцина 2 ақпанда салынған. Яғни вакциналаудың екінші күні 165 адам екеп салдыртқан.



Бүгінгі күнге дейін аймақта 3759 адам жұқтырған. Оның ішінде ең көп коронавирус жұқтыру фактісі өңірдің бас қаласында тіркелген. Бүгінгі күнге дейін Қызылорда қаласының 2342 тұрғынының Covid-19 анықталған. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының жұма күнгі мәліметінше, Қызылордада 10, Жалағашта 1 адам, Шиелде 5 және Жанақорғанда 1 адам КВИ жұқтырған. Ал бір күн бұрын, 7 наукас коронавирустан емделіп шыққан. Оның алтауы

Қызылордадан және біреуі Сырдария ауданынан. Жалпы Covid-19 инфекциясы анықталған азаматтармен байланыста болғандар саны 15478 жетті. Оның ішінде 12730 адам тікелей қарым-қатынаста болса, 2748 адам ықтимал қарым-қатынаста деп белгіленген. Бейсенбіде зертханана 1266 сынама тапсырылса, 807-і тексерілген. 459 сынамамен әлі жұмыс жасалуда және қалдық тест саны 18559 құрап отыр. Жалпы эпидемиологиялық маусым басталғалы 214 256 адам сынама тапсырған.

Қазіргі таңда өңірдегі инфекциялық стационардың жүктемесі 14,8 процентті құрап отыр. Яғни инфекциялық стационарда 31 наукаса дәрігерлер қызмет етуде. Ал стационардың реанимация бөлімінде 2 наукаса ем қабылдауда.

Елдегі ахуалға келер болсақ, Павлодар облысы әлі «қызыл аймақтан» шыға алмай тұр. «Сары аймақтың» тізінде Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Қостанай, Солтүстік және Батыс Қазақстан облыстары бар. Қалған өңірлер мен жалпы Қазақстан коронавирустың таралу қаупі жағынан «жасыл аймақта». ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Қиясов «жасыл аймақта» карантин талаптарын жеңілдету туралы қаулысын жариялаған еді. Қаулыда «жасыл аймақтағы» өңірлерде мешітке жұрттың жиналуына, сонымен қоса мектеп асханасының жұмысына рұқсат берілген.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

## ОЙМАҚТАЙ ОЙ

### ҚАНДАЙ ШЕБЕР, ЖАРАТҚАН!

Қалам мен Қағаз. Қылыш пен Қынап. Тамыр мен Бұтақ. Бірінің бірінсіз күні жоқ. Бірақ, адамға сыры мөлiм. Қаламның қағазға көзі түспесе, соры қалың. Қағазға қаламның ізі түспесе, көңiлi жарым. Қылыш қынап болмаса жалаңдап тұрады, қынап қылыш болмаса алаңдап тұрады. Тамырсыз ағаштың жапырағы жайқалмайды, бұтақсыз тамыра қан жүгiргенi байқалмайды.

Осыларды бiр-бiрiне қаратқан – қандай шебер, Жаратқан!

### АЛЛАДАН КҮНДЕ ТIЛЕЙMІН

Өткiншi – қылған iс, өсек сөз – былғаныш, қасiрет – қызғаныш болса, той-думан – жұбаныш, отбасы – қуаныш, қатар жүрген, қызық көрген дос-жаранға – мың алғыс.

Басым – аман, асым – адал болса деп, Қыдыр қонса, бағым мәңгi жанса деп, Алладан күнде тiлейmін.

Денiм сау болып, ұзақ ғұмыр сүрсем деп, үйiм толып, жер басып жүрсем деп, Алладан күнде тiлейmін!

### АДАМ ЖӘНЕ ЖҮРЕК

Адамның ең басты мүшесi жүрек екенi белгiлi. Арабтар адамды «инсан» деп атайды екен. Араб тiлiндегi «инсан» деген сөз «ұмыту» деген мағынаны да бередi. Осы орайда Шәкәрiмнiң өзiнiң бүркеншiк атын «Мұтылған», яғни, «ұмытылған» деп қойғаны ерiксiз ойға оралады.

Араб тiлiнде жүректi «қалб» дейдi. Бұл сөздiң «айналу», «өзгеру» деген мағыналары да бар. «Қалып» деген сөз қазақта ежелден бар. «Жүрек қалыбында тұруы керек», «адам қалыпты» болуы керек, «қалыбына тартқан» деген тiркестердi де жиi қолданамыз.

Жүректi тұрақты қылу, оны құбылтпау, қалыбында таза сақтау Алланың ғана қолында екен.

### ТҮСiНБЕЙMІН

Мойның қамытқа салып тұрып, «Құдай басқа салмаспын!», – деп қамыққандарды түсiнбейmін.

Қуат-күшi бар болса да, жадап-жүдеп тiрлiк кешкенiне өзiн кiнәламай, «Құдай салды, мен көндiм», – дегендердi түсiнбейmін.

Кездейсоқ тап болған жағдайды көрiп тұрып, «Құдай неге көрмейдi?», – деп Жаратқаннан жақсылық дәмектендердi түсiнбейmін.

Бес парызын орындай алмаса да, кiсiге жасаған жақсылығын мiндет қылып, «Құдай көрiп тұр ғой. Жұмаққа мен бармағанда, кiм барады?!», – дегендердi мүлде түсiнбейmін.

### ҰЛТТЫҢ ТIЛДЕН АЛЫСТАУЫ – СӨЗ БЕН IСТIҢ ҚАБЫСПАУЫ

Теледидардан тiл ғылымын дамытуға үлкен үлес қосқан көрнектi қазақ ғалымы туралы хабар жүрiп жатыр. Әкесi туралы ұлдары мен қыздары орыс тiлiнде сұхбат берiп, оны тiлшi қазақ тiлiне аударып, диктор қазак көрерменiне аударып берiп жатыр. Бұл не деген сұмдық?!

Бiрақ осы көрiнiстi күнбе-күн көрiп жүрмiз. Шенеунiктердi былай қойғанда, ана тiлi арқылы күнiн көрiп жүрген ғалымдардың, ақын, жазушылардың, қазақ тiлiнен сабақ беретiн мұғалiмдердiң балалары орыс мектебiнде оқиды, орыс тiлiнде сөйлейдi. Немерелерi шет мемлекетте оқып, шет тiлiнде емiн-еркiн сөйлейдi. Соған ата-анасы да мән, өздерi де мән.

Сол теледидардан тағы бiр тiлшiнiң «көңiл айтуды бiлдiрдi» деген сөзiн естiдiк. Орыстың «выразил своеболезнование» дегенiн аударған түрi. Мына қалыппен мемлекеттiк тiлдi түгел меңгеруге тағы бiр ғасыр керек болатын шығар?!

Ұлттың тiлден алыстауы – сөз бен iстiң қабыспауы. Сөз жүзiнде «қазақ тiлiн дамытайық» деген қайраткерсымақ, iс жүзiнде ана тiлiн өзге тiлден кем көрсе, жағдай қайдан түзелсiн? Сөзi басқа адамның iсi басқа болған соң олардан қандай үлгi-өнеге алуға болады?

### БІР ҚАРЫН МАЙ

Компьютердегi әрбiр файл немесе қоржыным сары майды тығып қойған қарын тәрiздi. Тек солардың iшiне «абайсызда құмалақ түсiп кетпесе екен» деп қауiптенемiн. Қайтадан сүзiп, ой елегiнен өткiземiн. Тұзды татымай жатса тұз қосып, қалпына жеткiземiн.

Кейде қаймақтан май шайқап, сары суын да сарқып аламын. Кейде көбiгiн де қалқып аламын. Қалам қуатына қанша сенсеп де, шығармаларды елеуiштен өткiзудiң пайдасы болмаса, еш зияны жоқ.

Ақылбек ШАЯХМЕТ,  
ақын, жазушы, филология  
ғылымдарының кандидаты

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аталғанына 2 рет, сәйбейсі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарсымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлна» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4845 Тапсырыс №256

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ